«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «AES and Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы ынтымақтастық туралы

№3 МЕМОРАНДУМ

Жалағаш ауданы

«_05_» Тамыз_2024 жыл

«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан бөлім басшысы Қайназаров Ғалымжан Алекбарұлы, Ереже негізінде әрекет етуші, бұдан әрі «Бөлім», бірінші жағынан, және «AES and Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан директоры Рахатұлы Ұлан, Жарғы негізінде әрекет етуші, бұдан әрі «Қаржылай демеуші», екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар», Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа ала отырып, өз құзыреті шегінде келісімге келіп, төмендегідей меморандум жасасты:

1. Мақсаты

«Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш ауылындағы Наурыз алаңында инфрақұрылым құрылысы (Газбен қамту, электрмен жабдықтау, су құбыры) 1-25 іске қосу кешені» нысанына жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу (сараптамадан өткізумен бірге) және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу меморандумның мақсаты болып табылады.

2. Ынтымақтастықтың бағыттары

2.1. Бөлім «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш ауылындағы Наурыз алаңында инфрақұрылым құрылысы (Газбен қамту, электрмен жабдықтау, су құбыры)» нысанына жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды Қаржылай демеушіге ұсынуды қамтамасыз етеді.

2.2. Қаржылай демеуші қолданыстағы заңнама аясында Бөлімнің сұрауы бойынша «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш ауылындағы Наурыз алаңында инфрақұрылым құрылысы (Газбен қамту, электрмен жабдықтау, су құбыры)» нысанына жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді (сараптамадан өткізумен бірге) және оның құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді.

2.3. Қаржылай демеуші өз қаражаты есебінен (өтеусіз негізде) «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш ауылындағы Наурыз алаңында инфрақұрылым құрылысы (Газбен қамту, электрмен жабдықтау, су құбыры)» нысанына жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеумен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге байланысты қаржылық шығындарын өтеуді қамтамасыз етеді.

3. Тараптардың ниеті

Бюджет қаржысын тиімді пайдалана отырып, аудан аумағында жаңадан құрылыс нысандарын салу, жаңадан жұмыс орындарын құру, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту.

4. Қорытынды шарттар

4.1. Меморандум бойынша Тараптар бір-бірінің қаржылық міндеттері бойынша жауаптылықта болмайды.

4.2. Осы меморандум аясында Тараптар келіп түскен сұрау бойынша жылдам және мүмкіндігінше толық жауап беру үшін қажетті барлық шараларды қолданады немесе кідіретін жағдайлар туралы хабарлайды.

4.3. Меморандумды жасасу Тараптар үшін меморандуммен қабылданған міндеттемелеріне қайшы келмейтін өзге де келісім-шарттарды жасасуға кедергі болып табылмайды.

4.4. Меморандум 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жасалды және қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

4.5. Осы меморандум бойынша немесе оған байланысты туындаған мәселелер Тараптардың келісімі арқылы шешіледі.

4.6. Меморандумға енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер жазбаша түрде жасалып, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

4.7. Осы меморандум заңдылық күші бірдей қазақ тілінде екі данада жасалды, әр Тарапқа бір-бірден.

5. Тараптардың мекенжайы мен қолдары

«Бөлім» «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	«Қаржылай демеуші» «АЭС and Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН_100940016554
Жалағаш кенті, Желтоқсан к-сі №3 тел: 8(72431) 31737	Ақтөбе қаласы, Гагарин көшесі, №2 тел: 8 776 892 00 02
Басшы _____ Қайназаров Ғ.А. *(қолы)* М.Ө.	Директор _____ Ұ.Рахатұлы *(қолы)* М.Ө.